

Қатысушының техникалық талаптары мен нұсқаулары

IMPACT Olympiad 2026 олимпиадасына офлайн немесе онлайн режимде қатысуға болады.

Офлайн режимдегі қатысушылар олимпиаданы **Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ)** базасында,

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

<https://2gis.kz/almaty/geo/9429940000793107>

мекенжайында жазады. Онлайн режимдегі қатысушылар үшін **OBS** жазу жүйесі пайдаланылады, ал олимпиаданың өзі <https://codeforces.com/> платформасында өтеді.

Онлайн режимдегі қатысушыларға арналған техникалық талаптар:

1. Бір жеке компьютерді (ноутбук немесе стационарлы компьютер) дайындаңыз. Камераның рұқсаты кемінде **HD 720p**, микрофон және интернет байланысы болуы тиіс.
2. Қатысушылар олимпиада барысында тапсырмаларды орындау процесін **OBS Studio** арқылы жазып, жазбаны қазылар алқасына ұсынуы керек. Қазылар алқасы бейнежазбалар арқылы олимпиада ережелерінің сақталуын тексереді. Ережені бұзғандар дисквалификацияланады.
3. Егер қатысушыда веб-камера немесе микрофон жоқ болса, оны сатып алу, жалға алу немесе уақытша қолдануға достардан немесе таныстардан алу қажет. Бұл құрылғыларсыз олимпиадаға қатысу мүмкін емес. Сондай-ақ, дискіде шамамен 5-6 Гб бос орын және осындай көлемдегі файлдарды интернетке жүктеу мүмкіндігі қажет болады.
4. **OBS Studio** қосымшасын мына сілтеме арқылы жүктеп алып, компьютерге орнатыңыз: <https://obsproject.com/>. Үш дереккөзді орнату қажет:
5. Аудио жазба (микрофоныңыз).
6. Экранды түсіру (экраныңыз).
7. Бейне түсіру құрылғысы (веб-камераныз).
8. Камераны қатысушының беті толық көрінетіндей етіп орналастыру қажет.
9. **OBS Studio** бағдарламасын жүктеу, орнату және баптау бойынша бейненұсқаулық: <https://drive.google.com/file/d/1kEuvRLcnJqwsdaQV3sHit8yeg39oqMvH/view?usp=sharing>
10. Тур барысында принтерді қолдануға болады. Шарттар мен кодтарды қарау үшін басқа компьютерді пайдалануға болады (бірақ кодты жазу немесе іске қосу үшін емес) Бұл жағдайда, қосымша компьютерде де толық жазба жүргізілуі қажет. Мобильді телефондар мен планшеттерді қолдануға қатаң тыйым салынады.
11. Тур аяқталғаннан кейін бейнежазбаны **Google Дискке** жүктеп:
<https://drive.google.com/drive/folders/1lkXIUTbZcKQTONOcauyFLTA1Jlu8GiSK?usp=sharing>
impact@fizmat.kz поштасына сілтемесін жіберіңіз. Жазбаны жіберудің соңғы мерзімі –11.01.2026 17:00 дейін.

1. Маңызды ескерту:

- Олимпиада кезінде қатысушымен микрофон мен бейнебайланысы **олимпиада аяқталғанға дейін үзілмеуі тиіс**. Құлаққапты қолдануға тыйым салынады.
2. Олимпиада 2026 жылдың 11 қаңтарында, сағат 11:00 (Астана уақыты) өтеді. Олимпиада басталмас бұрын жарты сағат бұрын жұмыс орнын дайындау қажет.
 3. Тур барысында қатаң тыйым салынады:

- Кез келген сымды және сымсыз гарнитураны (құлаққапты) пайдалану;
- Ішкі жадтан немесе Интернеттен жүктелген мәтіндік, графикалық және/немесе аудио форматта ақпарат бере алатын кез келген байланыс құрылғыларын, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе басқа гаджеттерді пайдалану;
- Кез келген электрондық немесе қағаз анықтамалық материалдарды, оқулықтарды, басқа әдебиеттерді, калькуляторды, рефераттарды және басқа да дайындалған жазбаларды пайдалану;
- Тапсырмалар жинағына кірмейтін кез келген материалдарды пайдалану;
- Олимпиаданың басқа қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау;
- Жұмыс орнынан кету.

Егер қазылар алқасы келесі фактілердің бірін анықтаса, олар қатысушының нәтижелерін жоюға құқылы:

- Көрсетілген қатысушының орнына Олимпиаданы басқа адам тапсырса;
- Камера ережеде көрсетілгендей дұрыс орналаспаса;
- Қатысушымен аудио және бейнебайланыс толық жоғалса;
- Толық экран жазбасы жіберілмесе;
- Олимпиада барысында қатысушы қосымша техникалық құрылғыларды пайдаланса;
- Олимпиада тапсырылып жатқан техникалық құрылғыда басқа қосымшалар және/немесе терезелер ашылса;
- Олимпиада барысында қатысушы жұмыс орнынан шығып кетсе;
- Қатысушы Олимпиада тапсырып жатқан бөлмеде басқа адамдар болса;
- Олимпиада барысында қатысушы біреумен сөйлессе немесе басқа адамдардың дауысы естілсе.

Жұмыс орнынан тур аяқталғаннан кейін ғана кетуге болады.

Олимпиада турларының объективтілігін қамтамасыз ету үшін тур барысында аудио және бейнежазба жүргізіледі. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушының олимпиаданы өткізу ережелерін сақтауын тексеру мақсатында турлардың аудио және бейнежазбаларын зерделеуге құқылы. Ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда, жұмыстарды тексеру үшін сұхбаттасу немесе қатысушыларды дисквалификациялау шаралары қолданылуы мүмкін.

Сәттілік тілейміз!

Ұйымдастыру комитеті